

«Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «№4 Атырау қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында 2 тоқсанда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезіндегі анықталған кемшіліктер бойынша талқылау хаттамасы №2

Атырау қаласы.

30 маусым 2025 жыл

Өткізілген орны: №4 Атырау қалалық емханасының негізгі ғимаратының мәжіліс залы;

Қатысқандар:

1. №4 Атырау қалалық емханасының компланс-офицері Куат Махмутжанович Жуманалиев;

2. №4 Атырау қалалық емханасының әкімшілік бөлімі;

3. №4 Атырау қалалық емханасының дәрігерлері;

4. №4 Атырау қалалық емханасының орта және кіші буында медицина қызметкерлері;

Күн тәртібінде: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңын түсіндіру, талқылау.

Алғашқы сөз алған №4 Атырау қалалық емханасының компланс-офицері К.М.Жуманалиев: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл агенттігі Төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 19 қазандағы 2016 жылғы №12 бұйрығы негізінде квазимемлекеттік секторларда әр тоқсан сайын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу міндетті болып табылады. Оның негізгі мақсаты: жемқорлық тәуекелдерін анықтау, алдын алу және болдырмау. №4 Атырау қалалық емхананың негізгі функциясы халыққа медициналық қызметтерді тұтыну болуына байланысты, Сіздер жемқорлық деп ойламайтын нәрселеріңіз жемқорлық тәуекелдері әбден болуы мүмкін, осыған орай, медициналық қызмет көрсету барысында сақтық танытуға шақырады. Сондай-ақ кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алуда пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Біздің ортада сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ, қоғамның барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болатындығын және сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білуі керек екендігі жөнінде түсіндірілді.


2025 жылдың 2 тоқсанында №4 Атырау қалалық емханасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау №4 Атырау қалалық емханасының кіріс және шығыс құжаттарын жүргізудегі заңдылықтың сақталуы бойынша жүргізіліп, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 қағидаларының

талаптары мүлдем сақталмайтындығына назар аударып, алдағы уақытта қағиданың талаптарының сақталуы бойынша кеңес берді.

Қаулы:


1. Әр тоқсан сайынғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тақырыбында талқылау, түсіндіру жұмыстары ұжым алдында жүргізілсін.

Директоры



Б.Д.Төлеген

Хатшы



К.М.Жуманалиев